

ЭОЖ 81’373.611

ҒТАХР 16.21.31

<https://doi.org/10.48371/PHLS.2026.1.80.014>

АЯҚҚА ҚАТЫСТЫ АТАУЛАРДЫҢ СИМВОЛДЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ МАҒЫНАҒА ИЕ БОЛУЫ

*Қамызанова Б.Қ.¹, Ермакова Т.Н.²

*^{1,2} Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тіліндегі аяққа қатысты атаулардың, атап айтқанда, «табан» және «балтыр» сөздерінің символдық және лингвомәдени мағыналары талданады. Бұл атаулар тек анатомиялық дене бөліктерін ғана емес, сонымен қатар терең мәдени және танымдық мазмұнды да білдіреді. Зерттеуде қазақ тіліндегі дене мүшелерін білдіретін сөздердің танымдық табиғаты мен тарихи қалыптасуы тілдік деректер негізінде қарастырылып, ұлттық дүниетанымдағы орны анықталды.

Зерттеудің өзектілігі – қазақ тіл білімінде бұл сөздердің когнитивтік-концептуалдық құрылымы, семантикалық өрісі, лингвомәдени сипаты толық зерттелмеген. Сондықтан бұл зерттеу – қазақ тіліндегі антропоцентристік бағыттағы ғылыми ізденістерге қосылатын үлес.

Зерттеу мақсаты – қазақ тіліндегі аяқ бөліктері атауларын тарихи, когнитивтік және мәдени тұрғыда қарастыра отырып, олардың символдық мәні мен метафоралық қызметін анықтау. Осы арқылы тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдасу негіздерін ашу көзделеді.

Зерттеу әдістері ретінде тарихи-салыстырмалы әдіс, когнитивтік лингвистика тәсілдері (метафоралық, прототиптік, жүйелік немесе фреймдік), сондай-ақ этимологиялық талдау қолданылды.

Негізгі нәтижелер: «табан» сөзі – тұрақтылық, еңбек, төзімділік концептілерін бейнелейтін лингвомәдени таңба ретінде сипатталды. Ал «балтыр» сөзі – шаршау, қажу, күш пен мықтылық ұғымдарымен байланыста метафоралық мәнге ие.

Қорытындысында, аяққа қатысты ағза атауларының когнитивтік моделі мен мәдени мәні қазақ тіліндегі ұлттық болмыс пен құндылықтардың көрінісі ретінде танылып, тіл мен мәдениеттің байланысын нақты көрсетті.

Зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары қазақ тіліндегі «табан», «балтыр» концептерінің терең мәдени-символдық мазмұнға ие екенін, олардың адамның әлеуметтік, эмоционалдық және психологиялық тәжірибесін бейнелейтінін дәлелдеді. Бұл – ұлттық лексиканың когнитивтік құрылымын зерделеуде маңызды қадам.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – когнитивтік семантика мен этнолингвистика тұрғысынан ұлттық концептосфераны танудағы үлесімен анықталады.

Практикалық маңызы – зерттеу нәтижелері этнолингвистика, когнитивтік және мәдени лингвистика салаларында, сондай-ақ тіл оқыту мен аударма тәжірибесінде қолдануға тиімді.

Тірек сөздер: табан, балтыр, этимология, лингвомәдениет, когнитивті лингвистика, ұлттық дүниетаным, метафоралық модель, символдық мағына

Кіріспе

Қазақ тіліндегі ағза атауларының символдық және лингвомәдени мағыналары – ұлттық таным мен мәдениеттің айнасы. Бұл мақалада аяққа қатысты «табан» және «балтыр» атауларының анатомиялық, символдық және лингвомәдени аспектілері қарастырылды. Түркі және қазақ тілдеріндегі «табан» және «балтыр» сөздерінің тарихи қалыптасуы мен қолданылу ерекшеліктері талданды. Сонымен қатар, сөздердің когнитивтік және мәдени семантикасы, олардың халықтық дүниетаным мен әлеуметтік тәжірибе тұрғысынан маңыздылығы көрсетілді. Зерттеудің өзектілігі қазақ тіліндегі ағза атауларын тек анатомиялық тұрғыдан емес, олардың танымдық, символдық және мәдени қызметтері арқылы зерттеудің қажеттілігімен анықталады. Зерттеу барысында балтыр, табан атауларының мәдени және символдық тұрғыда дамуының когнитивтік негіздері этимологиялық, дыбыстық, семантикалық талдаулар арқылы толық ашылды.

Аяққа қатысты «табан» және «балтыр» атаулары тек анатомиялық ұғымды емес, сонымен бірге тұрақтылық, еңбек, төзімділік секілді символдық мәндерді білдіреді. Бұл сөздердің тарихи негізі мен когнитивтік байланысы түркі және моңғол тілдері арасындағы мәдени өзара әрекеттесумен тығыз байланысты. Қазақ халқының өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымы арқылы ағзаға қатысты атаулардың метафоралық мағыналары кеңейген.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, этимологиялық талдау, когнитивтік және семантикалық модельдеу қолданылды. Когнитивтік лингвистика тәсілдері метафоралық тәсіл және прототиптік тәсіл, жүйелік тәсіл арқылы зерделенді. Негізгі дереккөздер ретінде көне түркі тілі сөздігі, қазақ тілінің түсіндірме, әдеби, кірме т.б. сөздіктер қолданылды. Қазақ тілінің лексикалық қорындағы тіркестер мен мақал-мәтелдер пайдаланылды. Сонымен қатар, метафоралық және символдық мағыналарды талдау үшін қазақ халқының мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты деректер қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау

Аяққа қатысты атаудың бірі *табан* ұғымы. Табан аяқтың жерге тиетін, жер басатын ең төменгі бөлігі [1, 833 б.]. Көнеден келе жатқан түркі тілдеріне ортақ бұл атаудың көне түркі тіліндегі де мағынасы “ступня, подшова”, яғни табан деп көрсетілген [2, 525 б.]. Фонетикалық айырмашылықтарды

есептемегенде түркі тілдерінің барлығына дерлік бұл атау ортақ. Сөздің түркі тілдеріндегі таралуы мен формалары мынадай: чуваш тілінде *tuban*, тува тілінде *davan*, тофа тілінде *daman*, хакас тілінде *taban*, сары ұйғыр тілінде *tawan*, қарахан ұйғыр тілінде *taban*; орта ұйғыр тілінде *taban*; ортақыпшақ тілінде *taban*; шағатай тілінде *taban*; өзбек тілінде *tobon*, ұйғыр тілінде *tapan*, түрік тілінде *taban*, гагауз тілінде *taban*, әзірбайжан тілінде *daban*, түрікмен тілінде *dâban*, хорезм түркі тілінде *tawan*; қарақалпақ, қырым, құмық, қарашай-балқар, татар, башқұрт, ноғай, қазақ тілдерінде *taban*; қырғыз және алтай тілдерінде *taman* [3, 276 б.].

Табан сөзі түркі тілдерінде кең таралған және оның негізгі мағынасы — аяқтың жерге тиетін төменгі бөлігі. Бұл атау түбір сөзден бастау алады. Атауды талдамас бұрын мынаны ескеру керек. Табан сөзінің даму тарихын тікелей “таб, тап, тав” түбірімен байланыстырып, ал *-ан* көне түркілік қосымша деп қарастыруға болмайды. Себебі бұл ереже тек көне түркілік сөздерге ғана тән. Ал “табан” сөзі түркі тілдеріне моңғол тілінен енген. Оны төмендегі деректер арқылы ашамыз.

Қазақ халқы өз тұрмысында басқа тілдерден енген сандық ұғымдарды да қолданған. Мысалы, соғым кезінде жылқы қазысының қалыңдығына қарап, оның семіздігін анықтаған. Қазыны «бір елі», «екі елі», «үш елі» немесе «төрт елі» деп өлшеген. Ең семіз қазыны «бес елі» деп айтпастан, «табан қазы» деп атаған. Мұның себебін «табан» сөзінің моңғол тілінде «бес» деген мағына беруімен түсіндіруге болады. Моңғол тілінде *табан*, *табын* сөздері “бес” деген мағынаны білдіреді. Осылайша, «табан қазы» ұғымы «бес елі қазы» дегенді білдіреді. Ал түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тіліндегі аяққа қатысты «табан» сөзі мен моңғол тіліндегі «табан» сөзінің арасында байланыс бар екені байқалады. Бұл байланыс “табан” атауының адам аяғындағы бес башпайды біріктіріп тұруына байланысты туындаған.

Табан сөзінің моңғол тілімен байланысын ғалым А.В.Дыбонның құрастыруымен жарық көрген түркі тілдерінің этимологиялық сөздігіндегі талдауларына да сүйеніп айтуға болады. Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде түркі тілдеріндегі “табан” сөзі және оның этимологиясы қарастырылған. Еңбекке сүйенсек табан ұғымының мағынасы кей тілдерде тарылады. Мысалы: алт. *tavas*, хакас. диал. *tamas* — «жануардың табаны», ал чулым. *тавач*, шор. *тамаш* — «қолдың алақаны». Якут тілінде *tabagaj* және тува тілінде *tavarjgaj* — бұл сөздердің моңғол тілінен алынған болуы ықтимал.

Ал жоғарыда табан сөзінің даму тарихын тікелей “таб, тап, тав” түбірімен байланыстырмау керек екенін айтқандай, табан сөзінің *Tap-*«соғу, таптау, басу» етістігімен байланысы күмәнді [4, 276 б.], өйткені бұл етістік қысқартылған формада кездеседі (мысалы, түрікмен тілінде *dâbala* — *dâban*-нан туындаған есімдік форма. Туынды мағынасы: Қатты басу немесе аяқпен таптау әрекеті; аяқ тірейтін немесе төменгі бөлікке қатысты

зат атауы). Сонымен қатар “*tap*” етістігінің көне түркі тілі сөздігінде төрт мағынасы көрсетілсе де, алғашқы мағыналар *I. ерік, қалау, жігер, II. жеткілікті, жетерлік, ұстай алу, III. әп сәтте, бірден* ұғымдарын білдірсе, тек төртінші мағынасы ғана *соғу, ұру, (таптау)* ұғымын білдіреді [3, 533 б.].

“Табан” сөзінің аяқтың табаны, яғни адам мен жануардікі болуына қатысты ақпараттар барлық түркі тілдерінде кездеседі, тек тува тілінде жоқ. *Шығыршық, өкше* мағынасы — шағатай, әзірбайжан, құмық, қарашай-балқар, өзбек, ұйғыр, сары ұйғыр тілдерінде қолданылады. *Қолдың алақаны* мағынасы — чуваш тілінде кездеседі. *Адамның аяқ-қолы* мағынасы — тува тілінде кездеседі. Демек, табан сөзінің аяққа қатысты ағза атауы болып қалыптасуына тек табанның сипаты мен қасиеттері ғана емес, адам ойындағы алақан мен саусаққа да қатысты ұқсастықтары ескерілген.

Ал аяққа қатысты табан сөзінің тура мағынасынан артефакт мағыналары (заттың қызметі немесе формасы бойынша сөздің негізгі мағынасына ұқсастығы арқылы пайда болатын мағына) қалыптасқан. Мысалы, *аяқ киімнің табаны, ер-тоқымның үзеңгісіне* қатысты, т.б. атаулар — барлық түркі тілдерінде бар, бірақ тува тілінде жоқ. *Шана табанының* атауы болуы: гагауз, башқұрт, алтай, хакас, чуваш тілдерінде. *Дөңгелек шеңберінің* атауы болуы әзірбайжан және жаңа ұйғыр тілінің қашғар диалектінде кездеседі.

Табан сөзімен байланысты қазақ тілінде мынадай тілдік бірліктер қалыптасқан: *табанда (лезде, дереу, аяқ астынан), табаныш, табанақы, табандап, табандау, табандық, табантақ, табан жол, табандылық, табан аңдыды, табан тіреді, табан қышыры, табаны тайды (өлді), табаны қызды (делебесі қозды, шабыттанды), табан жазбай, табан астында, табан аузында, табан аңдысты, табан жапырақ, табан тіресті, табаны тайғақ, табанын тілді, табанға басты, табанға жықты, табанға салды, табандағы тұяқ, табандық ұлтан, табаны тесілді, табанын жалады, табан тірер жер, табаны күректей, табан аудармады, табанды даналық, табанын алдырды, табанынан тозды, табанын тайдырды, табаны тасқа тиді, табаны алты қарыс, табанын күйдірген, табанына тас батты, табанынан сарылды, табанының бүрі жоқ, табанын жалтыратты, табанынан жарылған, табанынан таусылды, табан етін тоздырды, табан жолын көрмеді, табаны жерге тимеді, табанынан тік тұрды, табан ет, маңдай тері, табан аяқ қылып құйды, табанын үш тартып жеді, табан жазбай, табаны жаудан таймаған, табаны ойылды, табанын тіліп, тұз құйды, табандап жатып алды, табанына кірген шөгір маңдайыма қадалсын, от табан, қу табан, бір табан, кер табан, көн табан, май табан, төс табан, киіз табан, ошақ табан, қара табан, түйе табан, ақ табан ат, жайпақ табан, қос табандап, жер табандады, ақ табан болды, қисық табан, ел табаны ауды, жай табан етік, төс табанды би, мысық табандап, жер табандаған, төрт табандады, қызыл табан болды, қисық табан етік, төс табандап жатты, ақ табан шұбырынды, ақылы*

табанына түсті, бейіш аналардың табаны астында, аузын үрпін, аяғын сыпырып, табанын қырып өсірген т.б.

Бір ғана «табан» атауынан туындаған осындай бай тілдік бірліктер мен метафоралық модельдер оның тек анатомиялық ұғым ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени және символдық мағыналарға ие екенін көрсетеді. Ал мәдени және символдық мағынаға тілдің көтерілуі жөнінде зерттеуші К.А. Искендерова өзінің «Мәдениет пен тіл символдық мағынаны қалай қалыптастырады: лингвистикалық зерттеу» атты мақаласында: “тіл символдық мағынаның әрі бесігі, әрі тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді” дей келе, “метафоралық тілдің қолданылуы күнделікті заттарды абстрактілі идеялардың символдық бейнесіне көтере алады” деп тұжырымдайды [5, 353–358 бб.]. Табан сөзінің әртүрлі тіркесте қолданылуы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымынан хабар береді. Табан ұғымы арқылы халқымыздың еңбекке, табандылыққа, төзімділікке қатысты көзқарастары айқындалады.

Жоғарыда тілдік бірліктерден бөлек қазақ тілінде табанмен байланысты *табан елі, табан қарыс* сынды халықтық өлшем атаулары және *көк табан, алты табан, үш табан* сынды қазақ дәстүрлі мәдениетіне тән ойын мен ойын элементтерінің атаулары қалыптасқан. Моңғолдың бес мағынасындағы табан сөзі қазақ тілінде *табан елі* тіркесінде де сақталған. *Табан елі* төрт саусақ пен бас бармақты біріктіре ұстағандағы қалыңдықты білдіретін халықтық өлшем, көбіне жылқы қазысының өлшемі ретінде қолданылады [6]. Ал табан қарыс – кере қарыс деген мағынадағы халықтық өлшем [7].

Табан сөзі түркі тілдеріне моңғол тілінен енген дедік. Табан сөзінің шығу тегіне қатысты ғылыми болжамдар бұл сөздің көне түркі және моңғол тілдерімен байланысын көрсетеді. Моңғол тілінде табан (таван) сөзі «бес» деген сандық ұғымды білдіреді. Аталған сөздің адам аяғындағы бес башпайға, яғни бес саусаққа қатысты қолданылуы тілдік логикаға сай келеді. Бұл ұғым алғашқы кезеңде аяқтың башпайларын немесе аяқты түгелімен атау үшін қолданылған болуы мүмкін. Кейінірек адам денесінің төменгі бөлігіне қатысты осы атау қалыптасып, табан сөзі аяқтың тірек қызметін атқаратын бөлігіне ауысады.

Осылайша, *табан* сөзі алғашқыда бес башпайды біріктіріп тұратын атау ретінде қолданылса, кейіннен толық “жерге тірелетін, аяқтың төменгі бөлігі” деген ұғымға ие болды. *Табан* сөзі түркі тілдерінің терең қабаттарынан бастау алатын, этимологиялық және мәдени тұрғыдан күрделі ұғым. Ол жермен, тұрақтылықпен, тірек және қозғалыспен байланысты негізгі мағыналарын сақтай отырып, қазақ тілінде метафоралық және символдық мәндерге ие болды. Джордж Лакофф пен Марк Джонсон жасаған теорияға сәйкес, ойлаудың өзі метафоралық сипатқа ие екені мәлім. Бір концептуалдық аймақ екінші аймақ арқылы түсіндіріледі [8, 44 б.].

Қазақ тіліндегі *табан* сөзі қазіргі тілдік қолданыста анатомиялық атау ретінде аяқтың төменгі бөлігін, яғни тірек қызметін атқаратын дене мүшесін білдіреді. Дегенмен, бұл сөздің түпкі шығу тегі тереңірек мағыналық қабаттарды ашады. *Табан* сөзі бастапқыда аяқтағы *бес башпайды* біріктіріп, тұтастықты білдіретін ұғым ретінде қалыптасқан. Бұл мағына қазақ тілінде тікелей сандық ұғым ретінде сақталмағанымен, оның жалпылама атау мен жинақтау, бірлесу мәнін беретін мағынаға ауысқанын байқауға болады. Мұның айғағы ретінде моңғол тіліндегі *табан*, *табын* сөздерінің *бес* деген сандық мағынаны білдіруін атап өттік. Ежелгі таным жүйесінде *бес саны* көп деп ойланатын санның бастауы немесе тұтастықтың, топтаудың көрінісі ретінде ассоциацияланған. Бұл таным, ойлау жүйесі бірнеше негізгі себептерге байланысты. Соның бірі бес саусақтың табиғи бірлігі. Бұл тұтастықтың, бірлестіктің белгісіне айналуына ықпал етті.

Моңғол тілінде *табан* сөзі бес деген санды білдіреді, ал қазақ мәдениетінде бұл сөз көптік немесе тұтастық, бірлестік ұғымын білдіретін жалпылама атауға айналған. Мұндай семантикалық өзгеріс бес санының ежелгі танымдағы “көп болу я топтасу” функциясымен тығыз байланысты. Бес саны ежелгі ойлау жүйесінде қарапайым сандық ұғымнан асып, тұтастықтың, бірліктің және көптің символына айналған. Бұл сан адамның табиғатты тануынан, әлеуметтік құрылымдарды түсінуінен және мәдени құндылықтарды қалыптастыруынан туындаған. Қазақ танымында бес саны тек сандық мәнді ғана емес, әлеуметтік және мәдени көптік ұғымдарды білдіріп, халықтың дүниетанымдық негіздерінің бір бөлігіне айналған.

Сонымен, қазақ тіліндегі *табан* және *табын* сөздерінің бірлесу, жиналу, топтасу, көп болу сынды сандық ұғымға негізделгенін байқауға болады. Мысалы, *табын* сөзі екі негізгі мағынада қолданылады. *Ру атауы* ретінде: “*Табын*” руы қазақтың этникалық құрылымындағы ірі тайпалардың бірі. Сонымен қатар, сиыр малының үйірлі тобы да “*табын сиыр*” деп жинақтап айтылады. “*Табын сиыр*” тіркесінде де көптік ұғымы жатыр, яғни белгілі бір жиынтық топты білдіреді. Бір *табын сиырдың* саны он бес я жиырма шақты болуы мүмкін.

Бұл өзгеріс тілдік семантиканың кеңеюі мен қазақ танымындағы жалпылама көптік ұғымдарды нақты сандық мағынадан ажырату үрдісін көрсетеді. Яғни, “*табан*” бастапқыда бес башпайдың тұтастығын білдірсе, уақыт өте бұл сөз анатомиялық және кең мағыналы аяққа қатысты ұғымға айналған. Сондай-ақ, “*табын*” сөзі де нақты «бес» санынан алыстап, көп болу немесе топтық мағынаға да ие болған. Қазақ мәдениетінде көптік ұғым көбінесе нақты сандық мәннен гөрі, жалпы топтық, жинақталған ұғымдармен байланыстырылады. “*Табан*” және “*табын*” сөздерінің осындай трансформациясы халықтың сандық ұғымдарды тіршілік пен танымда бейімдеп, жалпылама атау ретінде қолданғанын көрсетеді. Бұл ерекшелік түркі халықтары, оның ішінде қазақ тілінің байырғы сөздік қорының мәдени-танымдық негіздерін аша түседі. Ендеше осы *табан*

атауының қазақ тіліндегі лингвомәдени және символдық тұрғыда дамуының когнитивтік негіздерін қарастырайық.

Әуелі табан ұғымының базалық символдық мәніне тоқталайық. «Табан» сөзі қазақ тілінде негізінен «адам немесе жануар аяғының жерге тиетін бөлігі» деген мағынаны білдіреді. Табанның символдық тұрғыдан мәні кең ауқымды: ол тұрақтылық, еңбек, табандылық сияқты концептілердің негізінде қалыптасқан. Табанның жермен байланысы оның «негіз», «тірек» ретіндегі мағынасын айқындайды. Қазақ тіліндегі табанға қатысты тілдік бірліктерді төмендегідей жіктеп, когнитивтік мәнін түсіндіруге болады.

Табан – шұғыл әрекет пен уақыт өлшемі. Мысалы, *табанда* (лезде, дереу, аяқ астынан): әрекеттің тез жүзеге асырылуын білдіреді. Бұл тіркес табанның жермен байланысының шұғыл қозғалысқа әсер ететінін көрсетеді. *Табан астында, табан аузында:* уақыт пен кеңістіктің бірден өзгеруін суреттейді.

Табан – тұрақтылық пен төзімділік символы. *Табан тіреді, табан жазбай:* тұрақтылық, табандылық пен төзімділікті бейнелейді. Табан адамның әрекетінде мықтылық пен шешімділіктің негізі ретінде қарастырылады. *Табан тірер жер:* сенімді тірек іздеу немесе табу.

Табан – еңбектің, күш-жігердің символы. *Табан ет, маңдай тері:* адал еңбек пен маңдай термен жеткен жетістікті сипаттайды. *Табанынан тозды:* ауыр еңбектен әбден шаршау.

Табан – жазалау мен ауыртпашылық символы. *Табанын тіліп, тұз құйды:* ауыр жазаны, азапты білдіреді. *Табаны тасқа тиді, табанынан таусылды:* қиыншылықты көп көру немесе ауыр сынақтарды бастан өткеруді ұғындырады.

Табан – бейімделу мен қулық символы. *Мысық табандап, жер табандады:* абайлап, сақтықпен әрекет етуді түсіндіреді. *Табанын жалтыратты:* қашып кету немесе жауапкершіліктен бас тартуды білдіреді.

Табан – әлеуметтік және мәдени құндылықтар символы. *Бейіш аналардың табаны астында:* ананың қадірін, оның жанұядағы ерекше орнын жоғары бағалауды көрсетеді. *Ақ табан шұбырынды:* тарихи кезеңдегі қиыншылықтар мен азаптардың символдық бейнесі.

Талдай келе, табанға қатысты тіркестер адамның күнделікті өміріндегі тәжірибесі мен табиғатпен байланысына негізделген. Табан жермен байланыс нүктесі ретінде тұрақтылық пен тірек, ал қозғалыстың негізі ретінде еңбек пен әрекеттің символына айналған. Қиыншылықтар мен ауыртпашылықтарды суреттейтін тіркестер, сондай-ақ, табанның физикалық шаршау мен азапты көрсету құралы екенін көрсетеді. “Табан” ұғымы арқылы кеңістікті, уақытты, құндылықтарды және адамның мінез-құлқын сипаттау арқылы бай семантикалық мүмкіндіктер ашылады. Табан ұғымы аяққа қатысты ғана емес, адам өміріндегі әртүрлі жағдаяттарды метафоралық түрде сипаттауға да қолданылды. Жоғарыда атап өткендей, қазақ тіліндегі табан сөзі тұрақтылықтың символына айналғанын

мәдениетіне енгенінен де байқауға болады. Мысалы, ұлттық ойын асықтың бір элементі *көк табан* деп аталады. Бұл тәйке жағына қорғасын құйылған, алшысынан тұрған *салмақты сақа* [9]. Сондай-ақ, *алты табан* мен *ұштабан* атаулары да асық ойындарының қашықтықты табанмен өлшеуге байланысты шыққан түрлері [7].

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі *табан* сөзі анатомиялық ұғымды білдіреді, түп-төркіні бес саусақты біріктіретін сандық, көптік мағынадан бастау алады. Сол сияқты, *табын* сөзі де нақты *бес* санынан шығып, жалпы топтық немесе жинақталған көптік ұғымды білдіретін атауға айналған. Бұл сөздердің семантикалық дамуы қазақтың тілдік және мәдени танымының икемділігі мен ерекшелігін көрсетеді. Табанға қатысты тілдік бірліктер қазақ халқының танымдық дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесін бейнелейді. Олар әлеуметтік, мәдени, тарихи, және символдық тұрғыдан бай мазмұнға ие. Бұл тіркестердің когнитивтік негізі адамның табиғаттағы орны, еңбектің қадірі мен өмірдің қиындығын жеңудегі табандылыққа негізделген.

Аяққа қатысты ағза атауының бірі – *балтыр*. Қазақ тілінде балтыр тек адамға қатысты анатомиялық атау. Өзара жақын екі мағынаны білдіреді: 1. Адам жіліншігіндегі бұлшық ет; 2. Адамның тізеден төменгі бөлігі, аяғы; 3. ауыс. Қайың, тал сияқты ағаштардың түзу діңгегі [10]. Сөздің шығу төркініне көз жүгіртсек, көне түркі тілі сөздігінде *балтыр* сөзі “икры (ног)” мағынасын береді деп көрсетілген [3, 81 б.]. Балтыр сөзін толығырақ талдау үшін “балтыр” сөзінің шығу негіздерін қарастыру керек. Түркі тілдерінде сөздер көбіне бір түбірден түрлі мағыналық ерекшеліктер алып дамыған. *Балтыр* мен *балдыр* сөздерінің фонетикалық ұқсастығы олардың ортақ түбірден шығу мүмкіндігін көрсетеді. Түркі тілдеріндегі сөздердің даму барысында дыбыстардың ауысу немесе қосылу заңдылықтары бар. «Балдыр» мен «балтыр» сөздеріндегі -д және -т дыбыстары бір-бірімен алмасып отырған. Бұл құбылыс көптеген түркі тілдерінде кездеседі.

«Балдыр» мен «балтыр» сөздерін бір негізден шыққан деп қарастырудың негізі: екеуі де адамның қоршаған орта мен дене мүшесін байланыстыра отырып жасаған танымдық моделі арқылы қалыптасқан сөздер. Ал “Қазақтың бес жүз бес сөзі” еңбегінде моңғол тілінің дерегіне сүйеніп, “моңғолша *балтгар* — жуан деген мағынаға мезгейді, мұның қазақ тіліне ауысқанда «*балтыр*» қалпында естілуі де тіл заңдылығынан сырт кетпейді, «*балтыр*» дегеніміз «*жуан*», «*толықша*» ұғымын береді деп шамалаймыз”- деп талдайды [11, 44 б.]. Бұл болжамның да өзіндік салмағы бар. Дегенмен талдау жұмысын кеңірек жүргізіп көрейік.

Көне түркі тілінде “*baldir*” сөзінің үш мағынасы бар. Соның бірінші мағынасы “выступ” деп көрсетілген, яғни *шоқы*, *томпақ*, *шығыңқы*, *дөңес жер*. Екінші мағынасы *ерте шыққан*, *балдырған*, *жас нәрсе*, *кішкентай* мағыналарын білдірсе, үшінші мағынасы *өгей*, *бөгде*, *артық* мағынасын білдіреді. Көне түркі тілінде қолданылған осы мағыналардың барлығы қазақ тіліндегі *балтыр* сөзімен байланысты туындаған тілдік бірліктерге

арқау болған. Алғашқы мағынаға зер салсақ, *дөңес жер, шығыңқы, томпақ* мағыналарымен аяқтағы “балтыр” ағза атауында танымдық байланыс бар. Бұл сипат аяқтың *балтыр* бөлігіне тікелей ұқсайды, себебі балтыр бұлшық еттері шығыңқы, дөңес болып көрінеді. Сондықтан, дене мүшесінің атауы осы физикалық пішінге негізделіп, *балтыр* болып аталған деп айтуға болады. Түркі тілдерінде дене мүшелерінің атаулары көбінесе олардың физикалық ерекшеліктеріне сай қойылған.

Ал *балдырған* немесе *жас нәрсе* мағынасы сөздің «бал~» түбірінің нәзіктік, жаңашыққан нәрсе, жұмсақтықты білдіретін жалпы семантикасымен байланысты. Аяқтың *балтыр* бөлігі — бұлшық еттің негізгі орны, *жас нәрсе* мен аяқ бұлшық еттерінің *жұмсақ, серпімді* сипаты арасында өзара танымдық байланыс бар. «*Өгей*», «*артық*», «*бөгде*» мағыналары адамның өзіне тән емес ауыртпалықты білдіреді. Бұл ауыртпалық дененің шамадан тыс күш жұмсауы кезінде сезілетін шаршау немесе қажуға қатысты болуы ықтимал. «Балтыр» сөзі түркі тілдерінің көпшілігінде ұқсас дыбысталады, бірақ кейбір фонетикалық және диалектологиялық ерекшеліктерге байланысты әртүрлі нұсқалары бар. Бұл сөз көбінесе адамның аяқ бөлігін, әсіресе сирақтың бұлшық ет аймағын білдіреді. Түркі тілдеріндегі балтыр сөзінің дыбысталуы мен жазылуына назар аударсақ, өзбек тілінде балтыр сөзі *boldir (болдир)* деп қалыптасқан. Қазақ тілінде *балтыр*, қырғыз тілінде *балтыр*, татар тілінде *балтыр*, башқұрт тілінде *балтыр* деп дыбысталады. Ал өзбек тілінде *boldir (болдир)*, ұйғыр тілінде *baldur*, түрікмен тілінде *baldyr (балдыр)*, түрік тілінде *baldır (балдыр)*, әзербайжан тілінде *baldır (балдыр)*, чуваш тілінде *пултар* (фонетикалық өзгеріске ұшыраған), саха (якут) тілінде *балтыр (baltyr)*, хакасия тілінде *палтыр (paltyr)*, шор тілінде *палтыр (paltyr)*, алтай (ойрат) тілінде *балтыр (baltyr)*, тува тілінде *палтыр (paltyr)* деп дыбысталады.

Жеке сөз ретінде қазақ тілінде *болдыр* сөзі (шаршау, қажу) көбінесе аяқтың шаршауына немесе дененің қажып, әлсіреуіне қатысты қолданылады. Балтыр бұлшық еттері шамадан тыс күш түскенде қатайып, дірілдеп, шаршау белгілерін көрсетеді. Бұл физикалық сипат пен «болдыру» әрекеті арасында тығыз байланыс жатыр. Демек, балтыр мен болдыр бір негізден тараған ұғымдар. Болдыр сөзінің қалыптасуына балтыр сөзінің тікелей әсері бар. Себебі аяқ көп жұмыс жасаған кезде, ең әуелі салмақ балтыр бұлшық еттеріне түседі. Осыдан кейін аяқтың талуы мен жұмыс істеуге жарамсыздығы артады. Осы атау тікелей *болдыр* процесін түсіндіреді және өзара фонетикалық жақындық та, сондай-ақ өзбек тілінде балтырдың *болдыр* түрінде қалыптасуы да олардың бір ұғымнан тараған сөздер екенін толық дәлелдейді.

Балтыр сөзі физикалық сипатқа, яғни бұлшық еттің томпайып, шығыңқы болуына қатысты қалыптасса, *болдыр* сөзі балтырдың шаршау процесі арқылы семантикалық байланысқа ие. Балтыр шаршаса, адам дірілдеп, қажиды. *Балдырған* сөзі де физикалық жұмсақтық пен нәзіктік

идеясынан туындай отырып, бұл байланыстарды күрделендіріп, толықтыра түседі. Зер салсақ, *балдыр а* дыбысымен *сернімді, жұмсақ* қалыпты, жағымды күйді білдіріп тұрса, *болдыр* деп *о* дыбысы арқылы түбірдің өзгеруі *шаршау, қажу* күйін білдіріп тұр. Осылайша, бір түбір арқылы екі күйді сипаттап, өзіндік ерекшеліктерге ие етіп тұрған: *а* мен *о* дыбыстары. *Балтыр-балдыр* (т-д сәйкестігі) және *болдыр*, яғни бал-бол негіздерінің дыбысталуы да мағынамен сәйкеседі: *бал: а* ашық айтылатын ашық дауысты дыбыс, ауыз ашылады, ал *бол: о* жабық дауысты дыбыс, ауыз дөңгелектеніп айтылады. Байқалғандай, дыбыстың сипаты да мағынаның өзгеріп-қалыптасуына, ерекшелікке ие болуына әсер етіп тұр.

Осылайша, көне түркі тіліндегі *baldir* сөзінің мағыналарына сүйене отырып, «балтыр» мен «болдыр» сөздерінің ортақ түбірден өрбігенін көрсетуге болады. Көне түркі тілінен келе жатқан “балдыз” сөзі де жас, балдырған мағыналарынан туындайды, яғни күйеудің өз әйелінен әлі жас, кіші сіңілдеріне қаратылып айтылатын атау.

Сонымен семантикалық ұқсастық мынаны көрсетеді. Томпақ, шығыңқы, дөнес деген сипаттар «балтыр» мен «baldir» сөзінің бастапқы мағынасының тығыз байланысын дәлелдейді. Аяқтың шаршауы мен күш түскен кездегі дірілдеу қасиеттері «болдыру, бол-дыр, дір ету» ұғымдарымен сәйкес келеді.

Сонымен, түркі халықтарының дене мүшелерін атаудағы табиғат құбылыстары мен физикалық ерекшеліктеріне сүйену тенденциясы қалыптасты. «Балтыр» сөзі көне түркі тіліндегі *baldir* сөзінің бірінші мағынасынан («шығыңқы, томпақ жер») шыққан деп сенімді түрде айтуға болады. Бұл атау дененің физикалық ерекшелігіне негізделген. Ал «болдыру» сөзі балтыр бұлшық еттерінің шаршауымен байланысты болғандықтан, осы екі сөздің семантикалық және тарихи байланысы анық. «Болдыр» – шаршау, қажу, күш-қуаттың сарқылуы. «Болдыру» дененің, әсіресе аяқтың көп күш жұмсауынан пайда болатын шаршау күйін білдіреді. Балтыр – аяқтың негізгі бұлшық ет бөлігі, қозғалыс кезінде ең көп күш түсетін аймақ. Адам ұзақ жүргенде немесе жұмыс істегенде, ең алдымен балтыр бұлшық еттері шаршайды, қажиды. Осыдан келіп, «балтыр» сөзі «болдыру» әрекеті арасында байланыс туындайды. Бұған дәлел ретінде балтыр сөзінің өзбек тілінде “болдыр” деп сақталауын келтіруге болады. Сондай-ақ, «балтыр» және «болдыр» сөздерінің түбірлік ұқсастығы (бал/бол) анық.

Көне түркі тілінде «болдыр» немесе «болдыру» сөзі *бол* етістігінен таралған. «Бол» етістігі көне түркі тілінде «болу, аяқталу, орын алу» деген негізгі мағыналарды білдірген. «Болдыр» сөзі түбірге -дыр/-дүр қимылсын жұрнағы қосылу арқылы жасалған. Бұл жұрнақ белгілі бір әрекеттің нәтижесін, аяқталуын немесе асқынуын білдіреді. Осылайша, «болдыр» сөзі «болып қажу, шаршау, әлсіреу» деген мағынада қолданылған және бұл мағына тікелей балтыр бұлшық еттерінің қасиеттерімен байланысты туындаған.

Енді *балтыр* атауының қалыптасуына негіз болған когнитивтік негіздерін талдап көрейік. Түркі тілдеріндегі сөздердің мағыналық және фонетикалық байланысы тарихи даму барысында пайда болған. Балтырдың негізі бұлшық еттен тұрады. Балтырды балтыр етіп тұрған аяқтағы томпайған бұлшық ет. Балтыр – адамның аяқ бөлігінің бұлшық еттері орналасқан, томпайып тұратын бөлігі екені белгілі. Балтыр деген шығып, томпайып тұрған бұлшық ет десек, бұлшық еттің табиғи формасы *бұлтиып* көрінетінін ескерсек, бұл сөздің «бұлт» сөзімен байланысы метафоралық деңгейде көрініс табады. Бұлт – аспандағы томпайған, көлемді және жұмсақ көрініске ие табиғи құбылыс. «Бұлт» сөзі заттың сыртқы пішініне байланысты қолданылған. Денедегі бұлшық сөзінің тікелей бұлт сөзімен қатысы бар. Сондықтан балтырдың бұлтиған формасына ұқсастырылуы әбден мүмкін. Түркі тілдерінде дене мүшелерінің атаулары табиғат құбылыстарымен салыстыру арқылы қалыптасқанын ескерсек, балтыр бұлшық етінің бұлтиған пішіні «бұлтқа» ұқсатылып, атау осылай пайда болды. *Балтыр* сөзінің шығу негізі *бұлтқа* қатысты туындаса керек. Ал “бұлшық, бұлшық ет” атаулары “бұлт” сөзінен келіп шығады.

Этимологиялық негіздеме: *Балтыр* сөзі табиғи пішінге негізделген. Ал метафоралық байланыс: түркі тілдерінде табиғат құбылыстары мен дене мүшелері арасында жиі ұқсастық жасалады. «Бұлт» сөзі – сыртқы пішіні мен көлеміне байланысты пайда болған. «Балтыр» сөзі – адамның аяқ бөлігінің бұлтиған формасына байланысты. «Болдыру» сөзі – балтыр бұлшық етіне түсетін күштің әсерінен шаршау күйін сипаттайды. Ал когнитивтік байланысты ескерсек, адамның тілдік танымында дене мүшелері тек физикалық сипаттарымен емес, олардың функцияларымен де байланысып аталады.

Қорыта айтқанда, «балтыр» – тек бұлшық еттің атауы емес, оның шаршау немесе қажу жағдайын да білдіреді. «Балтыр» сөзі бұлтиған пішіні арқылы «бұлт» сөзімен байланысы семантикалық ұқсастықты танытады. Табиғат құбылыстарына ұқсату – түркі тілдеріне тән құбылыс. Балтыр бұлшық етінің шаршауы «болдыру» ұғымымен тығыз байланысты. Балтыр – қозғалыс кезінде негізгі күш түсетін дене бөлігі, сондықтан «болдыру» әрекеті осы мүшемен ассоциацияланған. Бұл атаулар арасындағы функционалдық байланыс. Сөздердің түбіріндегі ұқсастық олардың тарихи дамуын және бір-біріне әсерін көрсетеді. Бұл осы атаулардың морфологиялық жақындығын көрсетеді. Осылайша, «балтыр» сөзі бұлтиған пішіні арқылы бұлшық ет, «бұлт» сөздерімен, ал оның шаршау қасиеті «болдыру» сөзімен байланысты.

Қазақ тілінде балтыр сөзімен байланысты туындаған мынадай тілдік бірліктер кездеседі: *балтыры бесіктей (жуан балтырлы), ақ балтыр (сымбатты, толық, аппақ аяқтар), қосбалтыр, қыз балтырлы, балуан балтыр, бас ауырып, балтыры сыздады (ауру, сыртқанттану)* т.б. Қазақ тіліндегі *балтыр* сөзімен байланысты туындаған тілдік бірліктердің

танымдық ерекшеліктеріне тоқталайық. *Балтыр* сөзі қазақ тілінің лексикасында адам денесінің төменгі бөлігін (тізеден төменгі аяқтың артқы жағы) көрсетумен қатар, адамның дене бітімін, физикалық күшін, эстетикалық ерекшеліктерін сипаттайтын метафоралық және символикалық мағыналарда да қолданылады. Бұл тілдік бірліктердің танымдық негіздері халықтың дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесіне негізделген. *Балтыр* сөзімен байланысты тілдік бірліктер адамның антропоцентристік көзқарасына сүйенеді, яғни адамның дене бөліктері оның физикалық, әлеуметтік немесе психологиялық сипатын бейнелейді. Мысалы: *Балтыры бесіктей* — балтырдың жуан, күшті екенін білдіреді. Мұндай сипаттау дене бітімінің мықтылығын, күш-қуаттың молдығын көрсету үшін қолданылады. *Ақ балтыр* — балтырдың эстетикалық тұрғыдан сұлулығын, аппақ әрі мінсіздігін бейнелейді. Бұл тіркес адамның сыртқы келбетін эстетикалық тұрғыдан бағалаудың маңызын көрсетеді. Бұл мағынада көне түркі тіліндегі *жұмсақ, сернімді* деп танылатын балдыр сөзінің мағыналары сақталып қалған. *Балуан балтыр* — күш-қуат пен ептіліктің белгісі. Бұл сөз тіркесі батырлық пен дене күшін жоғары бағалаған қазақ мәдениетінің ерекшелігін білдіреді. Бұл тіркестер көне түркі тіліндегі “балдыр” сөзінде қалыптасқан мағыналарды да жаңғыртады.

Тілдік бірліктердің танымдық модельдері метафоралар арқылы құрылады. Адам денесінің белгілі бір бөлігі оның физикалық немесе мінез-құлық ерекшелігін сипаттауда негізгі когнитивтік үлгі ретінде қызмет етеді:

Эстетикалық үлгі (сұлулық): *Ақ балтыр, қыз балтырлы* тіркестері адамның сыртқы келбетінің тартымдылығын білдіреді. Мұндай сипаттаулар қазақ халқының сұлулыққа қатысты идеалдарды танытады.

Физикалық күш үлгісі: *Балтыры бесіктей, балуан балтыр* тіркестері адамның мықтылығын, еңбекке қабілеттілігін сипаттайды. Бұл халықтың еңбексүйгіштік пен батырлыққа деген жоғары бағасын көрсетеді.

Денсаулық пен ауру (антропоморфтық модель): *Басы ауырып, балтыры сыздады* тіркесі адам денсаулығының нашарлағанын білдіреді. Бұл тіркестегі символизм денсаулық пен әлсіздікті дене мүшелері арқылы тануға негізделген.

Қазақ тіліндегі *балтыр* сөзімен байланысты тілдік бірліктер адамдардың күнделікті өмірлік тәжірибесінен туындаған. Бұл тәжірибе негізінде когнитивтік ойлау процестері арқылы белгілі бір бейнелер мен ұғымдар қалыптасады. Тілдік бірліктерде *балтыр* сөзі физикалық күш, сұлулық немесе денсаулықтың символы ретінде қызмет етеді, яғни символикалық ойлауға негіз болған. Адам дене мүшелерінің бір бөлігі кең мағынада қолданылып, адамның жалпы сипатын көрсетеді, яғни метафоралық ойлауға негіз болған. Қазақ халқының тіршілігі мен дүниетанымы тілде көрініс тауып, мәдени құндылықтар ретінде сақталған.

Қазақ тіліндегі *балтыр* сөзімен байланысты тілдік бірліктер адамның физикалық және эстетикалық қасиеттерін танымдық тұрғыдан сипаттауда

маңызды рөл атқарады. Бұл бірліктер халықтың күнделікті өміріндегі тәжірибелері мен мәдени құндылықтарынан туындап, ұлттық ойлау жүйесі мен дүниетанымының ерекшеліктерін көрсетеді. Зерттеуші М.Т. Сабированың «Қытай тіліндегі дене метафоралары: гуаньюньюйлердің когнитивтік және лингвомәдени талдауы» атты мақаласында соматикалық гуаньюньюйлерге мәдени-семиотикалық талдау жасалып, оның ішінде құндылықтар мен нормалардың бейнеленуіне де назар аударылған. Зерттеу нәтижесінде абстрактілі ұғымдардың денелік тәжірибе арқылы түсіндірілуі қытай тіліндегі денелік метафораларда айқын байқалатыны анықталып, әлеуметтік үйлесім, иерархиялық қатынастар және моральдық сипат сияқты ұжымдық мәдени құндылықтарды бейнелейтіні дәлелденген [12, 265–276 бб.]. Бұл тұжырымдар осы зерттеуде де маңызды негіз ретінде қарастырылады.

Қорытынды

Қазақ тіліндегі *табан* сөзі анатомиялық ұғымға ауысқанымен, түп-төркіні бес саусақты біріктіретін сандық және көптік ұғымын білдіретін мағынадан бастау алады. Сол сияқты, *табын* сөзі де нақты *бес* санынан шығып, жалпы топтық немесе жинақталған көптік ұғымды білдіретін атауға айналған. Бұл сөздердің семантикалық дамуы қазақтың тілдік және мәдени танымының икемділігі мен ерекшелігін көрсетеді. Ал *балтыр* атауының болдыр, бұлт сөздерімен когнитивтік негізі бір. Балтыр сөзінің өзбек тілінде *болдыр* болып сақталғаны бұған дәлел. Балтыр, болдыр және бұлт сөздері табиғат пен дененің физикалық қасиеттері мен функцияларын байланыстыратын когнитивтік негіздер арқылы қалыптасқан. *Балтыр* сөзі бұлшық еттің томпайып тұрған пішініне байланысты қолданылса, *болдыру* сөзі балтыр бұлшық етінің шаршау күйін білдіреді. Балтыр аяқтағы бұлшық еттің атауы. Бұлшық еттің табиғи формасы бұлтиып көрінеді, балтырдың танымдық дамуы «бұлт» сөзімен байланысты метафоралық деңгейде көрініс табады. Бұлшық, бұлшық ет атаулары *бұлт* сөзінен туындап, мағына қалыптасуындағы танымдық рөлді көрсетеді.

Сонымен, қазақ тіліндегі *табан* және *балтыр* атаулары халықтың ұлттық дүниетанымы мен мәдениетінің ерекше бөлігін көрсетеді. Бұл атаулардың анатомиялық мағынасынан тыс, *тұрақтылық*, *төзімділік* және *еңбек*, *физикалық күш*, *сұлулық*, *денсаулық* символдары ретінде танылуы – қазақ халқының дүниетанымын, өмір сүру салтын және рухани құндылықтарын, өмірлік философиясын танытады. Символикалық мағынада қолданылуы қазақ халқының аяқ ұғымына, оның бөліктеріне қатысты терең мәдени ақпараты және философиялық мәндері бар екенін көрсетеді. Жұмыс нәтижелері қазақ тіліндегі дене мүшелеріне қатысты атаулардың семантикалық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мұқағали тілі сөздігі / Құраст.: Б. Қалиев, Ж. Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С. Исакова. – Алматы: Керемет медиа, 2019. – 1064 б.

[2] Древнетюркский словарь / Под ред. В.М. Наделяева, Д.М. Насилова, Э.Р. Тенишева, А.М. Щербака. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.

[3] Древнетюркский словарь / Под ред. Д.М. Насилова, И.В. Кормушина; сост. Т.А. Боровкова, Л.В. Дмитриева, А.А. Зырин, И.В. Кормушин. – 2-е изд., пересмотр. – Астана: Ғылым, 2016. – 760 с.

[4] Этимологический словарь тюркских языков. Т. 9: Этимологический словарь базисной лексики тюркских языков / Сост. А.В. Дыбо. – Астана: Prosper Print, 2013. – 616 с.

[5] Iskenderova K.A. How culture and language shape symbolic meaning: A linguistic exploration // Journal of International Scientific Research. – 2025. – Vol. 2, No. 1. – Pp. 353-358.

[6] Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құраст.: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596 б.

[7] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-т. / Құраст.: А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы: Арыс, 2011. – 752 б.

[8] Evans V., Green M. Cognitive Linguistics: An Introduction. – Edinburgh: Edinburgh University Press, 2006. – 830 p.

[9] Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі / Құраст. А. Құралұлы; жалпы ред. Ғ. Халықұлы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.

[10] Қазақ әдеби тілінің сөздігі: Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.

[11] Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.

[12] Sabirova M.T. Body Metaphors in the Chinese Language: A Cognitive and Linguocultural Analysis of Guanyongyu // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series “Philological Sciences”. – 2025. – № 1(76). – Pp. 265-276.

REFERENCE

[1] Muqagali tili sózdigi [Dictionary of Mukagali’s Language] / comp. B. Qaliev, Zh. Tuimebaev, Sh. Qurmanbaiuly, S. Isakova. – Almaty: Keremet media, 2019. – 1064 b. [in Kaz.]

[2] Drevnetiurkskii slovar’ [Old Turkic Dictionary] / eds. V.M. Nadeliaev, D.M. Nasilov, E.R. Tenishev, A.M. Shcherbak. – Leningrad: Nauka, 1969. – 676 s. [in Rus.]

[3] Drevnetiurkskii slovar’ [Old Turkic Dictionary] / eds. D.M. Nasilov, I.V. Kormushin; comp. T.A. Borovkova, L.V. Dmitrieva, A.A. Zyryn, I.V. Kormushin. – 2nd ed., rev. – Astana: Gylym, 2016. – 760 s. [in Rus.]

[4] Etimologicheskii slovar' tiurkskikh iazykov. T. 9: Etimologicheskii slovar' bazisnoi leksiki tiurkskikh iazykov [Etymological dictionary of the Turkic languages. Vol. 9: Etymological dictionary of the basic vocabulary of the Turkic languages] / comp. A.V. Dybo. – Astana: Prosper Print, 2013. – 616 s. [in Rus.]

[5] Iskenderova K.A. How culture and language shape symbolic meaning: A linguistic exploration // Journal of International Scientific Research. – 2025. – Vol. 2, No. 1. – Pp. 353-358.

[6] Qazaq tiliniñ kirme sözder sözdigi [Dictionary of loanwords of the Kazakh language] / comp. Sh. Qurmanbaiuly, S. Isakova, B. Mizamkhan et al. – Almaty: Ultyq audarma biurosy, 2019. – 596 b. [in Kaz.]

[7] Qazaq ädebi tiliniñ sözdigi. On bes tomdyq. T. 13 [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes. Vol. 13] / comp. A. Fazylzhanova, N. Oñgarbaeva, Q. Ğabithanuly et al. – Almaty: Arys, 2011. – 752 b. [in Kaz.]

[8] Evans V., Green M. Cognitive Linguistics: An Introduction. – Edinburgh: Edinburgh University Press, 2006. – 830 p.

[9] Qazaq дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі [Encyclopedic Dictionary of Kazakh Traditional Culture] / comp. A. Quraluly; general ed. Ğ. Qalyquly. – Almaty: Sözdik-Slovar', 1997. – 368 b. [in Kaz.]

[10] Qazaq ädebi tiliniñ sözdigi: On bes tomdyq. 2-t. [Dictionary of the Kazakh Literary Language: In Fifteen Volumes. Vol. 2] / comp. Ğ. Qaliev, S. Bizakov, O. Naqysbekov et al. – Almaty, 2011. – 744 b. [in Kaz.]

[11] Nurmaghambetov Ä. Bes jüz bes söz [Five Hundred and Five Words]. – Almaty: Rauan, 1994. – 304 b. [in Kaz.]

[12] Sabirova M.T. Body Metaphors in the Chinese Language: A Cognitive and Linguocultural Analysis of Guanyongyu // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series “Philological Sciences”. – 2025. – № 1(76). – Pp. 265–276.

СИМВОЛИЧЕСКОЕ И ЛИНГВОКУЛЬТУРНОЕ ЗНАЧЕНИЕ НАИМЕНОВАНИЙ, СВЯЗАННЫХ С НОГОЙ

*Камызанова Б.К.¹, Ермакова Т.Н.²

*^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье анализируются символическое и лингвокультурное значения наименований, связанных с нижними конечностями в казахском языке, в частности, слов «табан» (ступня) и «балтыр» (икраноги). Эти наименования обозначают не только анатомические части тела, но и отражают глубокое культурное и когнитивное содержание. В исследовании рассматривается когнитивная природа и историческое формирование слов, обозначающих части тела в казахском языке, на основе языковых данных, а также определяется их место в национальной картине мира.

Актуальность исследования заключается в том, что в казахском языкознании когнитивно-концептуальная структура, семантическое поле и лингвокультурные особенности этих слов еще не получили всестороннего освещения. Поэтому данное исследование представляет собой вклад в развитие антропоцентрического направления в казахской лингвистике.

Цель исследования – рассмотреть наименования частей ноги в казахском языке с исторической, когнитивной и культурной точек зрения, а также определить их символическое значение и метафорические функции. Тем самым раскрываются основы взаимовлияния языка и культуры.

В качестве методов исследования использовались историко-сравнительный метод, подходы когнитивной лингвистики (метафорический, прототипический, фреймовый), а также этимологический анализ.

Основные результаты: слово «табан» описывается как лингвокультурный знак, воплощающий концепты устойчивости, труда и терпения. Слово «балтыр» в метафорическом плане связано с понятиями усталости, напряжения, силы и выносливости.

В заключение подчеркивается, что когнитивная модель и культурное значение названий частей ноги в казахском языке отражают национальную идентичность и ценности, демонстрируя тесную связь между языком и культурой.

Результаты и выводы исследования доказывают, что концепты «табан» и «балтыр» в казахском языке обладают глубоким культурно-символическим содержанием, отражающим социальный, эмоциональный и психологический опыт человека. Это важный шаг в изучении когнитивной структуры национальной лексики.

Научная значимость исследования определяется его вкладом в осмысление национальной концептосферы с позиций когнитивной семантики и этнолингвистики.

Практическая значимость заключается в возможности применения результатов в этнолингвистике, когнитивной и культурной лингвистике, а также в практике преподавания языка и перевода.

Ключевые слова: ступня, икра ноги, этимология, лингвокультура, когнитивная лингвистика, национальное мировоззрение, метафорическая модель, символическое значение

THE SYMBOLIC AND LINGUOCULTURAL MEANING OF TERMS RELATED TO THE FOOT

*Kamazanova B.K.¹, Yermekova T.N.²

*^{1,2} Kazakh National Women's Teacher Training University
Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article explores the symbolic and linguocultural meanings of two Kazakh body-related terms: *taban* (sole) and *baltır* (calf). While

commonly denoting anatomical parts, these words also convey deeper cultural and cognitive meanings. Drawing on linguistic data, the study examines the historical development and cognitive structure of these terms and their place in the Kazakh national worldview.

The research addresses a gap in Kazakh linguistics, where the cognitive-conceptual structures, semantic fields, and cultural layers of such body-related terms remain underexplored. Thus, this work contributes to the broader anthropocentric approach in cognitive and ethnolinguistics.

The main objective is to analyze leg-part terminology through historical, cognitive, and cultural lenses and to identify the symbolic and metaphorical roles of *taban* and *baltır*. This analysis also aims to demonstrate the deep interaction between language and culture.

Methodologically, the study applies a historical-comparative approach alongside cognitive linguistic tools—including metaphor theory, prototypical analysis, frame modeling—and etymological insights.

The results show that *taban* serves as a linguocultural symbol for stability, labor, and perseverance, while *baltır* metaphorically conveys meanings related to fatigue, strength, and endurance. These metaphors reflect not only physical experiences but also broader socio-cultural and emotional dimensions within Kazakh conceptual thinking.

In conclusion, the symbolic and cognitive models of these terms underscore their role in representing national identity and values, reinforcing the intrinsic bond between language and culture.

This research contributes to understanding the national conceptsphere from a cognitive-semantics and ethnolinguistic perspective. Its findings have practical value for further studies in ethnolinguistics, cultural linguistics, language teaching, and translation.

Keywords: sole, calf, etymology, linguoculture, cognitive linguistics, national worldview, metaphorical model, symbolic meaning

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 13.10.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.

Авторлар туралы ақпарат:

Қамызанова Балжан Қанатқызы – докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail:kamyzanova-balzhan-2000@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7760-5564>

Ермекова Тыныштық Нұрдәулетқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail:yermekovat@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1184-2679>

Информация об авторах:

Камызанова Балжан Канатовна – докторант, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail:kamyzanova-balzhan-2000@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7760-5564>

Ермекова Тыныштык Нурдаулетовна – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail:yermekovat@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1184-2679>

Information about the authors:

Balzhan Kanatkyzy Kamyzanova – PhD student, Kazakh National Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail:kamyzanova-balzhan-2000@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7760-5564>

Tynyshtyk Nurdauletkyzy Yermekova – Doctor of Philology, Professor, Kazakh National Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail:yermekovat@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1184-2679>